

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 тамызда № 17274 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 88 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қаржы секторының шолуын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының,

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкі" 2017 жылғы 2 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитетінің төрағасы
_____ Н. Айдапкелов
2018 жылғы 23 шілде

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 139 қаулысымен
бекітілді

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда екінші деңгейдегі банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарынан, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарынан және ипотекалық ұйымдардан қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін

мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) түрінде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ұсыну тәртібі белгіленеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мәліметтер Нұсқаулыққа сәйкес бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жасалады.

3. Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар – халықаралық капитал нарықтарында қаражат тарту мақсатында қазақстандық компаниялар шет елдерде құратын еншілес ұйымдар;

2) институционалдық бірліктер – активтерге иелік ететін, өздеріне міндеттемелер қабылдайтын, шаруашылық қызметпен және басқа институционалдық бірліктермен операциялармен айналысатын шаруашылық бірліктер;

3) халықаралық банкаралық үзіліссіз байланысқан есеп айырысулар жүйесі (бұдан әрі – CLS халықаралық банкаралық жүйесі) - валюталық операциялар бойынша есеп айырысуға маманданатын төлем жүйесі, оның көмегімен ірі әлем банктері халықаралық валюта нарығында нақты уақыт режимінде сауда жасайды және ол валюталық операциялар бойынша есеп айырысулар кезінде кредиттік тәуекелді болдырмауға мүмкіндік береді;

4) экономика секторы – айналысатын негізгі қызмет түрі бірдей институционалдық бірліктерді біріктіретін экономиканың негізгі бөлімшесі.

4. "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым" деген ұғым "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәнінде қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының бейрезиденті ұғымдары "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде қолданылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Мәліметтерді жасау тәртібі

6. Қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мына мәліметтер:

Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер;

Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер;

Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер;

Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер ұсынылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Мәліметтер теңгемен жасалады.

8. Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер, Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер және Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары негізінде жасалады, оның 2-тарауының 1, 2 және 3-параграфтарының шоттары резиденттік белгілері, экономика секторы және валюталар тобы бойынша нақтыланады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Резиденттік белгісі мынадай кодтарға сәйкес көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан Республикасының резиденті;

"2" коды – Қазақстан Республикасының бейрезиденті.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен..

10. Экономика секторлары мынадай кодтарға сәйкес көрсетіледі:

1) мемлекеттік басқару органдары секторлары:

"1" коды – орталық басқару органдары;

- "2" коды – жергілікті мемлекеттік басқару органдары;
- 2) қаржы ұйымдары секторлары:
- "3" коды – орталық (ұлттық) банктер;
- "4" коды – басқа депозиттік ұйымдар;
- "5" коды – басқа қаржы ұйымдары;
- 3) қаржылық емес ұйымдар секторлары:
- "6" коды – мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар;
- "7" коды – мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар;
- 4) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы:
- "8" коды – үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
- 5) үй шаруашылықтары секторы:
- "9" коды – үй шаруашылықтары.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Әрбір жеке институционалдық бірлік өзінің негізгі қызметінің түріне сәйкес экономиканың тұтастай бір секторына жатады. Институционалдық бірліктерді жіктеу қағидаты олар жүзеге асыратын негізгі қызмет түріне сәйкес оларды экономика секторлары бойынша бөлу болып табылады.

Әрбір сектордың оны басқа секторлардан өзгеше ететін экономикалық сипаттары болады.

12. Мемлекеттік басқару органдары секторына ел аумағында орналасқан басқа институционалдық бірліктерге қолданылатын заң шығарушылық, сот немесе атқарушылық билігі бар институционалдық бірліктер кіреді. Мемлекеттік басқару органдарының негізгі функциялары: тұтастай қоғамды және жеке үй шаруашылықтарын тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету жауапкершілігі; бұл үшін қажетті қаржы қаражатын салық салу арқылы немесе басқа кірістер есебінен жұмылдыру; трансферттер арқылы кірістерді мен байлықты қайта бөлу және нарықтық емес өндірісті жүзеге асыру болып табылады. Бұл секторға Орталық Үкімет ("1" коды), өңірлік және жергілікті басқару органдары ("2" коды) кіреді.

"1" кодына министрліктер, республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ведомстволар және агенттіктер, ғылыми-зерттеу институттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенттері – институционалдық бірліктер, мемлекеттік басқару органдардың бақылауындағы

және республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қорлар, сондай-ақ мемлекеттің бақылауындағы және нарықтық өндіріспен айналыспайтын басқа ұйымдар жатады.

"2" кодына облыс, қала және аудан деңгейінде басқару функцияларын жүзеге асыратын институционалдық бірліктер және өңірлік (жергілікті) бюджеттер қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар жатады.

13. Қаржы ұйымдары секторына негізгі функциялары қаржылық делдалдық немесе қаржылық делдалдыққа тығыз байланысты қосалқы қаржы қызметі болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Бұл секторға Орталық (ұлттық) банктер ("3" коды), басқа да депозиттік ұйымдар ("4" коды), басқа қаржы ұйымдары ("5" коды) кіреді.

"3" кодына қаржы жүйесінің негізгі аспектілерін бақылауды жүзеге асыратын институционалдық бірліктер кіреді, олардың негізгі қызмет түрлері ұлттық валюталардың эмиссиясы, халықаралық резервтерді басқару, Халықаралық валюта қорымен және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарымен операцияларды жүзеге асыру, басқа депозиттік корпорацияларға кредит беру болып табылады.

"4" кодына негізгі қызмет түрі қаржылық делдалдық болып табылатын және міндеттемелерінің депозиттердің немесе сол сияқтылардың (ауқымды ақшаның ұлттық анықтамасына кіретін депозиттердің жақын алмастырушылары) нысаны бар институционалдық бірліктер кіреді. Осы топқа банктер, оның ішінде исламдық қаржыландыруды жүзеге асыратын банктер жатады.

"5" кодына түрлі делдалдық не қосалқы қаржылық қызметтерді жүзеге асыратын немесе қызметі қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты болатын, бірақ өздері делдалдардың қызметін атқармайтын осы сектордың қалған барлық институционалдық бірліктері жатады. Бұл топқа кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары, ломбардтар, айырбастау пункттері, ипотекалық компаниялар, брокерлік және дилерлік компаниялар, арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар, инвестициялық қорлар, қаржылық лизингтік компаниялар, факторингтік компаниялар, сондай-ақ валюталық және қор биржалары, сақтандыру брокерлері, кепілдік беру қорлары және басқа да қаржы ұйымдары сияқты көптеген түрлі қаржы ұйымдары жатады.

14. Қаржылық емес ұйымдар секторына негізгі қызмет түрі басым түрде нарық тауарларының және қаржылық емес қызметтің өндірісі болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Осы секторға мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар ("6" коды) және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар ("7" коды) жатады.

"6" кодына басым түрде нарықтық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдарының бақылауындағы институционалдық бірліктер кіреді.

Мемлекеттік басқару органдарының бақылауы:

дауыс беретін акциялардың бақылау пакетін сатып алу немесе акционерлер дауыстарының жартысынан көбін бақылаудың нысандарын белгілеу арқылы;

мемлекеттік басқару органдарына ұйымның саясатын айқындау немесе оның директорларын тағайындау құқығын беретін заңнаманы, жарлықты немесе нормативтік құқықтық актіні қабылдау нәтижесінде жүзеге асырылады.

Осы шағын топқа мемлекеттік басқару органдары бақылайтын және қаржыландыратын коммерциялық емес ұйымдар кірмейді, себебі олар мемлекеттік басқару органдары секторына жатады.

"7" кодына басым түрде нарықтық өндіріспен және (немесе) қаржылық емес нарықтық қызметтермен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақыламайтын институционалдық бірліктер кіреді.

15. Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы ("8" коды) тауарларды немесе қызметтерді өндіретін, бірақ осындай ұйымдарды бақылайтын институционалдық бірліктерге кіріс немесе өзге қаржылық игіліктерді әкелмейтін институционалдық бірліктерді қамтиды және оған мынадай:

1) қауымдастықтары осы қауымдастықтардың мүшелерін тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету үшін тұлғалар құратын институционалдық бірліктер кіреді. Осындай қызметтер әдетте тегін көрсетіледі немесе жүйелі мүшелік жарналар есебінен қаржыландырылады. Оларға саяси партиялар, кәсіподақтар, діни бірлестіктер, қоғамдық, мәдени, ойын-сауық және спорт клубтары және басқалар жатады;

2) қызметінің негізгі түрі қайырымдылық көмек көрсету болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Оларға қоғам мүшелерінің мүдделеріне қызмет көрсету үшін қайырымдылық мақсаттарда құрылатын қайырымдылық ұйымдары мен зардап шеккен немесе мұқтаж адамдарға көмек көрсету жөніндегі агенттіктер жатады. Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін осы коммерциялық емес ұйымдар мұқтаж үй шаруашылықтарына нарықтық емес негізде тауарлар ұсынумен немесе қызмет көрсетумен айналысады. Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін осындай коммерциялық емес ұйымдардың қаражаты жұртшылықтан, мемлекеттік басқару органдарынан ақшалай немесе заттай нысанда келіп түсетін қайырмалдықтардың және бейрезиденттерден түсетін трансферттердің есебінен қалыптасады.

16. Үй шаруашылықтары секторы ("9" коды) жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін біріктіретін (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін

және басқаларды) бірлесіп тұтынатын жеке тұлғалардың шағын топтарынан (отбасылардан) құралған институционалдық бірліктерден тұрады. Бұл топқа, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар жатқызылады.

17. Халықаралық ұйымдар мүше мемлекеттердің арасындағы саяси келісімнің негізінде құрылады. Осындай келісімнің халықаралық шарт мәртебесі болады. Халықаралық ұйымдарды құру мақсаты осы ұйымдар мүшелерінің ұжымдық тұтынуы үшін нарықтық емес қызметтер көрсету және (немесе) қаржылық делдалдықты жүзеге асыру не әртүрлі елдердің кредиторлары мен қарыз алушыларының арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлу болып табылады. Халықаралық ұйымдарға белгілі артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Осындай ұйымдарға олар аумағында орналасқан елдің заңнамасы қолданылмайды. Осындай ұйымдар олар аумағында орналасқан елді немесе олардың қызметі таралатын елді қоса алғанда қандай да бір елдің резиденттері болып саналмайды.

Қаржылық қызметпен айналысатын халықаралық ұйымдар экономиканың "Орталық (ұлттық) банктер" секторында есепке алынады. Барлық басқа халықаралық ұйымдар экономиканың "Орталық Үкімет" секторында есепке алынады.

18. Холдинг компаниялар немесе бас офистер – еншілес кәсіпорындардың топтарын бақылайтын компаниялар, олардың негізгі қызметі осындай топтарға иелік етуді немесе олардың қызметін басқаруды білдіреді. Холдинг компаниялар немесе бас офистер жүзеге асыратын қызметіне байланысты қаржылық немесе қаржылық емес ұйымдарға жатқызылады.

Бірліктердің холдинг компаниялар деп жиі аталатын екі түрі болады. Бірінші түрі – бас офис, ол еншілес кәсіпорындарды басқарушылық бақылаудың барлық аспектісін жүзеге асырады. Осы шағын топқа компаниялардың немесе кәсіпорындардың басқа бөлімшелерін қадағалау және оларды басқару, кәсіпорындардың олармен байланысты ағымдағы қызметін жедел бақылау және басқару кіреді. Еншілес ұйымдардың барлығы немесе көпшілігі қаржылық емес болып табылса, онда осы бас офис қаржылық емес корпорациялар секторына ("6" коды) жатқызылады, егер қаржылық болып табылса, онда тиісінше қаржылық корпорациялар секторына ("5" коды) жатқызылады.

Екінші түрге еншілес корпорациялардың активтеріне иелік ететін, бірақ басқа компанияларға әкімшілік немесе өзге де басқаруды жүзеге асырмайтын холдинг компаниялар жатады. Олардың негізгі қызметі үлестік қатысуы бар кәсіпорындарға басқа қызметтер көрсетпей-ақ, осындай компаниялар тобына иелік ету болып табылады. Егер осы компанияларда қаржылық қызмет басым болса не олар бақылайтын корпорациялардың қарапайым көпшілігі қаржылық

корпорациялар болып табылса, онда мұндай бірліктер қаржылық корпорациялар секторына ("5" коды) жатқызылады.

19. Валюта тобының коды мынадай кодтарға сәйкес көрсетіледі:

"1" коды – Қазақстан теңгесі, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (бұдан әрі – теңге);

"2" коды – еркін айырбасталатын валюта (бұдан әрі – ЕАВ);

"3" коды – басқа валюта түрлері (бұдан әрі – ББТ);

ЕАВ тобына CLS халықаралық банкаралық жүйесінде есеп айырысуларға қабылданған және осы валютадағы төлемдер бойынша шектеулер болмайтын шетел валютасының түрлері жатады. Осы топқа мыналар кіреді:

Австралия доллары (AUD)

АҚШ доллары (USD)

Біріккен Корольдіктің фунт стерлингтері (GBP)

Венгрия форинті (HUF)

Гонконг доллары (HKD)

Дат кронасы (DKK)

Еуро (EUR)

Жаңа Зеландия доллары (NZD)

Жаңа Израиль шекелі (ILS)

Жапон йенасы (JPY)

Канада доллары (CAD)

Корей Республикасының вонасы (KRW)

Қытай юані (CNY)

Мексика песосы (MXN)

Норвегия кронасы (NOK)

Оңтүстік Африка рэнді (ZAR)

Сингапур доллары (SGD)

Швед кронасы (SEK)

Швейцария франкі (CHF);

ББТ тобына теңгені және ЕАВ тобының валюталарын қоспағанда, барлық басқа да валюталар кіреді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Активтерді нақтылау дебитордың (эмитенттің) резиденттігі және экономика секторы бойынша, міндеттемелерді нақтылау – кредитордың резиденттігі және экономика секторы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Нұсқаулықта мерзімдері бойынша активтер мен міндеттемелерді мынадай сыныптау қабылданды:

- 1) қысқа мерзімді – қоса алғанда бір жылға дейін;
- 2) ұзақ мерзімді – бір жылдан астам.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

23. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және ипотекалық ұйымдар мәліметтерді "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде береді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтерді айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша ай сайын:

- 1) Қазақстанның Даму Банкі – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;
- 2) ипотекалық ұйымдар – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Қазақстанның Даму Банкі және ипотекалық ұйымдар жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есепті (банкшілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары Нұсқаулыққа 2-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтерді ай сайын айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Деректер болмаған кезде мәліметтер берілмейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25-1. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтерді жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың отыз бірінші наурызынан кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. Нұсқаулық 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсанның соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Ескерту. 26-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстанның Даму Банкінің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, Қазақстан
Республикасы бейрезидент-
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
және ипотекалық ұйымдардың
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне қаржы
секторына шолуды
қалыптастыруға арналған
мәліметтерді ұсынуы жөніндегі
нұсқаулыққа
1-қосымша

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 700-N(D)

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "____" _____

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстанның Даму Банкі, ипотекалық
ұйымдар

Мыналардың әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

1) Қазақстанның Даму Банкі – айдың соңғы жұмыс күні үшін есепті айдың
соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкішілік операциялар
бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы
жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей;

2) ипотекалық ұйымдар – айдың соңғы жұмыс күні үшін есепті айдың соңғы
күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

жылдың соңғы жұмыс күні үшін қосымша есеп (банкішілік операциялар
бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып) – аяқталған қаржы
жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей.

Нысан

Кесте. Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Шоттың нөмірі	
2	Резиденттік белгісі	
3	Экономика секторының коды	
4	Валюталар тобының коды	
5	Сомасы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Баланстық және баланстан тыс
шоттардағы қалдықтар туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер (индексі – 700-N(D), кезеңділігі – ай сайын)

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3тармағының 2) тармақшасымен сәйкес әзірленді.

3. Нысан ай сайын жасалады, айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

Қосымша есеп жыл сайын Нысан бойынша жасалады, банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды ескере отырып, жылдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанда және осы Түсіндірмеде шоттардың нөмірлері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы

және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) сәйкес көрсетіледі.

6. Түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

7. Нысанда респонденттің баланстық (активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, кіріс, шығыс) және баланстан тыс (шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, балансқа меморандум шоттары) шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 1, 2, 3 және 4-жолдарда мәндер "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардан таңдап алынады.

9. 1-жолда Үлгі шот жоспарына сәйкес келетін шоттың төрт таңбалы нөмірі көрсетіледі

10. 2, 3 және 4-жолдарда резиденттік белгісінің, экономика секторы мен валюталар тобының кодтары осы Түсіндірменің 12, 13 және 15-тармақтарына сәйкес ерекшеліктерді ескере отырып, осындай нақтылау қолданылатын шоттар бойынша көрсетіледі.

11. 2 және 3-жолдарда:

1405, 1406, 1425, 1752 және 1864-шоттар үшін вексель берушінің резиденттік белгісі мен экономика секторының коды көрсетіледі;

1201, 1202, 1205, 1206, 1208, 1209, 1452, 1453, 1454, 1456, 1457, 1459, 1481, 1482, 1483, 1485, 1486, 1491, 1492, 1494, 1495, 1744, 1745, 1746, 1750 және 1757-шоттар үшін эмитенттің резиденттік белгісі мен экономика секторы коды көрсетіледі;

2301, 2303, 2306, 2401, 2402, 2405 және 2406-шоттар үшін бағалы қағазды ұстаушының резиденттік белгісі мен экономика секторы коды көрсетіледі, бағалы қағазды ұстаушыны дәйекті анықтауға мүмкіндік болмаған кезде – бағалы қағазды номиналды ұстаушысының (сенім білдірілген меншік иесінің) резиденттік белгісі мен экономика секторы коды көрсетіледі.

12. 3-жолда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда немесе Ұлттық пошта операторында орналастырылған және 1250тобының шоттарында көрсетілген салымдар бойынша "5" экономика секторы коды көрсетіледі.

13. 1007, 1009, 1603 және 1604-шоттар үшін:

2-жолда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған бағалы металдардан жасалған монеталар мен ұлттық валютадағы коллекциялық

монеталар үшін "1" коды, Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің бағалы металдардан жасалған монеталар мен коллекциялық монеталары үшін "2" коды көрсетіледі;

3 және 4-жолдарда көрсеткіштер толтырылмайды.

14. 3-жолда 1811, 1812, 1813, 1814, 1815, 1816, 1817, 1818, 1819, 1820, 1821, 1822, 1823, 1824, 1825, 1826, 1827, 1831, 1832, 1833, 1834, 1835, 1836, 1837, 1838, 1839, 1840, 1841, 1842, 1843, 1844, 1845, 1871, 1880, 2811, 2812, 2813, 2814, 2815, 2816, 2817, 2818, 2819, 2820, 2831, 2832, 2833, 2834, 2835, 2836, 2838, 2839, 2871, 2874, 2880, 3561, 3562, 3563 және 3564-шоттар бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

15. 4-жолда 1013, 1727, 2016, 2126, 2212, 2216, 2708 және 2717-шоттар бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

16. 2, 3 және 4-жолдарда 1011, 1012, 1601, 1602, 1610, 1651, 1652, 1653, 1654, 1655, 1656, 1657, 1658, 1659, 1660, 1661, 1662, 1691, 1692, 1693, 1694, 1695, 1696, 1697, 1698, 1699, 1854, 1857, 1858, 1859, 1873, 1874, 2854, 2857, 2858, 2859, 2861, 2872, 2873, 3001, 3003, 3025, 3027, 3101, 3200, 3400, 3510, 3540, 3580, 3589, 3599-шаттар және Үлгі шот жоспарының 4 (төртінші), 5 (бесінші), 6 (алтыншы) және 7 (жетінші) сыныптарының шоттары бойынша көрсеткіш ұсынылмайды.

17. 5-жолда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында теңгедегі сома көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстанның Даму Банкінің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, Қазақстан
Республикасы бейрезидент-
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
және ипотекалық ұйымдардың
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне қаржы
секторына шолуды
қалыптастыруға арналған
мәліметтерді ұсынуы
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер

Өкімшілік деректер нысанының индексі: 700-DF

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары

Өкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

Кесте. Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Шоттың нөмірі	
2	Резиденттік белгісі	
3	Экономика секторының коды	
4	Валюталар тобының коды	
5	Сомасы	

Атауы _____

— Мекенжайы _____

— Телефоны _____

— Электрондық пошта мекенжайы _____

— Орындаушы _____

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер (индексі – 700-DF, кезеңділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Нысан ай сайын жасалады, айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент- банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) респондентте өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын және мынадай экономика секторларында Қазақстан

Республикасының бейрезиденттеріне жататын шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен қатынастар бойынша талаптардың немесе міндеттемелердің болуын көрсететін бірінші немесе екінші сыныпты шоттарының баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер көрсетіледі :

басқа қаржы ұйымдары – "5" коды;

мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – "6" коды;

мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – "7" коды;

ұй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – "8" коды.

6. 1, 2, 3 және 4-жолдар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын анықтамалықтарға сәйкес толтырылады:

1-жолда "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесіндегі анықтамалықтан таңдалатын тізімнен Үлгі шот жоспарының төрт таңбалы шот нөмірі көрсетіледі;

2-жолда шетелдік компания филиалының немесе өкілдігінің резиденттік коды көрсетіледі;

3-жолда бас компанияның экономика секторына сәйкес келетін шетелдік компания филиалының немесе өкілдігінің экономика секторының коды көрсетіледі;

4-жолда валюталар тобының коды көрсетіледі.

7. 5-жолда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында теңгедегі сома көрсетіледі.

8. 5-жолда нөлдік емес мән болған кезде 1-жолда көрсетілген әрбір шот үшін 2, 3 және 4-жолдарда мәндерді толтыру міндетті болып табылады.

9. Деректер болмағанда кезде мәліметтер ұсынылмайды.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстанның Даму Банкінің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, Қазақстан
Республикасы бейрезидент-
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдары филиалдарының
және ипотекалық ұйымдардың
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне қаржы
секторына шолуды
қалыптастыруға арналған
мәліметтерді ұсынуы
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: FA_INTFLOWS_11SB

Кезеңділігі: жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жыл

Мәліметтерді ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың отыз бірінші наурызынан кешіктірмей

Нысан

Кесте. Қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1	2	3
1	Шоттың нөмірі	
2	Экономика секторының коды	
3	Валюталар тобының коды	
4	Операцияларды жүргізу нәтижесіндегі өзгерістер	
5	Құнды қайта бағалау	
6	Басқа өзгерістер	
7	Басқа өзгерістердің түрін ашып жазу	

Атауы _____

— Мекенжайы _____

— Телефоны _____

— Электрондық пошта мекенжайы _____

—

Орындаушы _____

— тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қаржы активтері мен
пассивтеріндегі өзгерістер
туралы мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер (индексі – FA_INTFLOWS_11SB, кезеңділігі – жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қаржы активтері мен пассивтеріндегі өзгерістер туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Нысан жыл сайын жасалады, есепті жыл үшін толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктерінің

филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының респондентте Қазақстан Республикасының резиденттерімен қатынастар бойынша талаптардың немесе міндеттемелердің болуын көрсететін бірінші және екінші сыныпты шоттарының баланстық шоттарында есепті кезеңдегі өзгерістер туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. 1, 2 және 3-жолдар "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде пайдаланылатын анықтамалықтарға сәйкес толтырылады.

7. 4, 5 және 6-жолдарда үтірден кейін екі таңбалы сан форматындағы сома теңгемен көрсетіледі.

8. 4-жолда операцияларды жүргізу нәтижесіндегі өзгерістер – қаржы активтеріне немесе пассивтеріне меншік құқығын құру, жою немесе ауыстыру нәтижесінде институционалдық бірліктердің өзара келісуі бойынша туындайтын қаржы ағындары көрсетіледі. Меншік құқығы қаржы активіне немесе пассивіне байланысты барлық құқықтан, міндеттемелерден және тәуекелдерден сату, беру немесе өзге нысанда босату жолымен ауысады.

9. 5-жолда құнды қайта бағалау – шетел валютасында көрсетілген активтер мен пассивтердің құнына әсер ететін ұлттық валютаның шетел валюталарына нарықтық құнының өзгерістері және (немесе) айырбастау бағамының өзгерістері нәтижесінде туындайтын қаржы ағындары көрсетіледі.

10. 6-жолда басқа өзгерістер – 4 және 5-жолдарда көрсетілетін операцияларды жүргізу және құнды қайта бағалау нәтижесіндегі өзгерістерден басқа, активтер мен пассивтердегі өзгерістер салдарынан туындайтын қаржы ағындары көрсетіледі. Бұл санат талаптарды біржақты есептен шығаруды, активтер мен міндеттемелерді сыныптаудың өзгеруін қамтиды.

11. 4, 5 және 6-жолдардың сомасы есепті кезеңнің соңындағы және алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы тиісті баланстық шоттағы қалдықтар арасындағы айырмаға тең.

12. 7-жол 6-жолда нөлдік емес мәні болған кезде толтырылады.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстанның Даму Банкінің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының және
ипотекалық ұйымдардың
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне қаржы
секторына шолуды
қалыптастыруға арналған

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.04.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 89 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: BS(FN)_4-I(R)O_Q

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "____" _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Баланстық шоттар бойынша қалдықтар

Баланстық шоттың нөмірі	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды	Валюта тобының коды	Сомасы
1	2	3	4	5
Активтер				
....				
Міндеттемелер				
....				

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20____ жылғы " ____ " _____

Баланстық шоттардағы
қалдықтар
туралы мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме Баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер (индексі – BS(FN)_4-I(R)O_Q, кезеңділігі – тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Баланстық шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16390 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі –

Шоттар жоспары) 2-тарауының 1, 2, 3 және 4-параграфтарында көзделген баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі.

6. 2, 3 және 4-бағандарда резиденттік белгісіне, экономика секторына және валюталар тобына сәйкес келетін кодтар көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда активтер бойынша резиденттік белгісі және дебитордың (эмитенттің) экономика секторының коды, міндеттемелер бойынша резиденттік белгісі және кредитор экономикасы секторының коды көрсетіледі.

8. 2 және 3-бағандарда:

1280 08-шот үшін резиденттік белгісі және вексель берушінің экономика секторының коды көрсетіледі;

1120, 1130, 1140, 1160, 1270 01, 1270 04, 1290 23, 2020, 2030, 2170 01 және 2170 03-шоттар үшін резиденттік белгісі және эмитент экономикасы секторының коды көрсетіледі;

4030 07 және 4030 10-шоттар үшін резиденттік белгісі және бағалы қағазды ұстаушының экономика секторының коды көрсетіледі, бағалы қағазды ұстаушыны дәйекті айқындау мүмкіндігі болмаған кезде – резиденттік белгісі және бағалы қағазды номиналды ұстаушының (сенімгерлік меншік иесінің) экономика секторының коды көрсетіледі.

9. 1300, 2300, 2400, 2600, 2700, 2930-шоттар бойынша 2, 3 және 4-бағандарда "0" коды көрсетіледі.

10. 1370, 1380, 1400, 1500, 1620, 2800, 2920, 3100, 3200, 3520, 3530, 3540, 4310, 4420, 4430 және 4440-шоттар бойынша 2 және 3-бағандарда "0" коды көрсетіледі.

11. 5-бағанда үтірден кейін екі таңбалы сан форматында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша сома теңгемен көрсетіледі.